



№20 (1654)
13 маусым
2017 жыл

Апталық 1948 жылдың 20 сәуірінен шыға бастады


www.kaznu.kz

СЕНІМДІ КӨШБАСШЫЛЫҚ

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ «World university Rankings» QS (Ұлыбритания) халықаралық беделді рейтинг агенттігінің зерттеулері бойынша әлемнің 250 үздік университеті қатарына кіріп, 236-орнын сақтап қалды. Қазақстандық жетекші оқу орны халықаралық жоғары бәсекелестік жағдайында әлемдегі 26 мың университеттің 1 пайызын ғана құрайтын ең үздік университеттердің тобынан көрініп отыр. Бұл жайлы кезекті ректорат отырысында ҚазҰУ-дың бірінші проректоры Мұхамбетқали Бүркітбаев хабарлама оқыды.



**QS халықаралық рейтингінде
ҚазҰУ әлемнің 800 үздік
университеті арасында
236-орынды иеленді**



«ЭКСПО-2017»: отансүйгіштік рух

Елордада «ЭКСПО-2017» халықаралық мамандандырылған көрме өз жұмысын бастады. Бұл күндері халқымыз бес жыл күткен, ұлтымыздың мәдениеті мен өнері, салт-дәстүрі мен тарихы, ғылыми жетістіктеріміз бен экономикалық әлеуетіміз, біліміміз бен біліктілігіміз дәріптелетін дүбірлі жиынға бүкіл әлем көз тігуде.

Астанада өтетін Бүкіләлемдік мамандандырылған көрменің «Қазақстан» ұлттық павильонында қасиетті қарашаңырағымыз – әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің ғылыми-инновациялық және білім берудегі жетістіктері, ғалымдарымыз бен студенттеріміздің болашақтың энергиясы бойынша тың жобалары да көрсетілетін болады. Бұл туралы Алматыға арнайы келген «ЭКСПО-2017» көрмесінің комиссары Рапиль Жошыбаевтың университетіміздің ұжымымен өткен кездесуінде айтылған еді.

ЭКСПО елімізді әлемге танытудың тағы бір мүмкіндігі екені анық. Көрме қарсаңында университет қабырғасында көптеген тәрбиелік іс-шаралар атқарылды. Соның бірі – механика-математика факультетінде «Автоматтандыру және басқару» мамандығының 1-курс студенттерімен оқу жылы аяғында өткізілген шара «ЭКСПО-2017-нің отансүйгіштікке оң әсері» деп аталды.

Студенттер, алдымен, көрменің бір жарым ғасыр уақыт бұрын, 1851 жылдан басталған тарихын баяндап, қазақ халқына қатысты тұстарына тоқталды. 1925 жылы Парижде өткен халықаралық көрмедегі атакты қазақ әншісі Әміре Қашаубаевтың талғампаз француз тыңдаушыларына таңдай қақтырып, ұлт өнерін аса айшықтағаны айтылды. Беріректе, 1967 жылы Монреальда өткен көрмеге келушілердің Кеңес Одағы құрамындағы Қазақстан павильонын ерекше тамашалап, қазақ шеберлерінің қолөнерін аса жоғары бағалағаны сөз болды. Кейін көрмеге қойылған бір текемет 6000 долларға, түскііз 20 000 долларға сатылғаны да тілге тиек етілді.

Жалғасы 2-бетте

Жалғасы 4-бетте



Биылғы жылы бұл топқа ТМД елдерінің төрт университеті – М. Ломоносов атындағы ММУ (95-орын), әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дан кейін Новосібір мен Санкт-Петербург мемлекеттік университеттері енген. Ұлттық университет Орталық Азия мен ТМД-дағы көшбасшылығын кезекті рет дәлелдеп, әлемдік деңгейдегі жоғары бәсекеге қабілеттілігін танытты.

QS рейтингісін жүргізу барысында академиялық бедел, ғылыми жарияланым, оқытушылар мен білім алушылардың ара салмағы, жұмыс берушілердің бағасы, шетелдік оқытушылар мен студенттердің үлесі сынды көрсеткіштер есепке алынды.

Университеттің халықаралық рейтингте табысты түрде алға жылжуына заманауи талаптарға сай жүзеге асырылған кешенді құрылымдық жетілдіру ықпал етті. QS сарапшыларының кеңесімен ҚазҰУ-дың ілгері жылжу тәжірибесін әлемнің жетекші университеттері зерттеуде. Университет білім мен ғылымның, инновацияның жетекші орталығы ретінде әлемнің 200 үздік университетінің қатарына кіруді көздейді.

М. Бүркітбаевтың айтуынша, осы жылы біздің университет жаһандық бағытта оқытушылар мен білім алушылардың ара салмағы бойынша 19,8 балмен және жұмыс берушілер арасындағы беделі бойынша 15,4 балмен жоғары көрсеткішке ие болған. Бірінші проректор: «Қазақстан көлемінде шетелдік студенттер мен оқытушы-профессорлық құрамы, оқытушылардың жарияланым бойынша өзге жоғары оқу орындарынан алда келеміз», – деп мәлімдеді.

Әлемнің 200 университеті қатарына қосылу бағытында Мұхамбетқали Мырзабайұлы біршама міндеттерді де алға тартты. Мәселен, университеттің академиялық беделін күшейту үшін халықаралық іс-шараларға атсалысу, шетел ғалымдарымен бірлесіп жарияланымдар шығару, ортақ жобалар аясында шетелдік оқу орындарымен ынтымақтастық жүргізу, ал жұмыс берушілердің бағалау көрсеткішін арттыру үшін жұмыс берушілер деректер базасын және шетелдік компанияларда жұмыс істейтін түлектердің деректер базасын кеңейту, компаниялар мен мекемелерге арнап біліктілігін көтеру курстары мен ақыл-кеңес беру қызметін ұйымдастыру негізге алынуы керек. Оған қоса, шетелдік студенттердің санын арттыру мақсатында ағылшын тіліндегі білім беру бағдарламаларының санын көбейту, қосдипломдық білім беру бағдарламасын күшейтуге баса назар аударылуы қажеттігі айтылды.

Ректорат мәжілісінде Жаңа білім беру технологиялары институтының директоры Ермек Әлімжанов жаңа білім беру технологияларын оқу үдерісіне енгізу жайын қозғады. Ол бейнедәрістер, антиплагиат және онлайн емтихан жүргізу жүйесін енгізудің тиімділігіне тоқталып, университеттегі білім беру технологияларын сөз етті. Институт директоры қазіргі күні университетте жүргізіліп жатқан арнайы онлайн курстарды саралап берді. Атап өту керек, қазіргі таңда институтта видео курстар мен дәрістер жазуға арналған технологиялармен жабдықталған студия жұмыс істеуде.

Жалғасы 2-бетте

Жалғасы 4-бетте

БҮГІНГІ САНДА:

**АХАНОВ
ОҚУЛАРЫНА –
20 ЖЫЛ**



2-бет

**ӘЛЕМ ТУҒАН ЖЕРДІ
ТАНУДАН БАСТАЛАДЫ**



3-бет

**СОТРУДНИЧЕСТВО С
КОМПАНИЕЙ
KONICA MINOLTA**



8-стр.

Филология және әлем тілдері факультетінде Қазақстан Тәуелсіздігінің 25 жылдығы, Алматы қаласының 1000 жылдығы, Аханов оқуларының 20 жылдығына арналған Аханов оқулары «XXI ғасыр филологиясының өзекті мәселелері» атты халықаралық ғылыми-теориялық конференция өтті.

Аханов оқуларына – 20 жыл



Тіл білімі теориясының Қазақстанда дамуына даңғыл жол салған ғалым Көкен Аханов есімімен байланысты бұл конференция филология саласындағы өзекті мәселелерді талқылауға бағытталған. Өткен ғасырдың 1990 жылдарынан бастау алып, жыл сайын жалпы тіл білімі және еуропа тілдері кафедрасының ұйымдастыруымен өтіп келе жатқан бұл шара «Аханов оқулары» атауымен республика көлемінде ғана емес, алыс және жақын шетелдердің ғылыми қауымына танылды. «Аханов оқулары» бүгінгі таңда мерейлі 20 жылдығын атап өтуде. Шараға Менеджмент, экономика және болжау институты, Сүлеймен Демирел университеті, Тараз инновациялық-гуманитарлық университеті, сондай-ақ шетелдік Лейкхед университеті (Канада) белсене атсалысты.

Биылғы жылы «Аханов оқулары» аясындағы конференция «Тіл, медиа және мәдениет», «Тіл және саясат. Көптілділік және көптілді білім беру», «Тілдік талғам, сән және әлеуметтік өзгерістер», «Әдебиет және қазіргі заман» бағыттарында ауқымды жұмыс атқарды.

Ашылу салтанатында құттықтау сөз сөйлеген филология және әлем тілдері факультетінің деканы Өмірхан Әбдиманұлы мен жалпы тіл білімі және еуропа тілдері кафедрасының меңгерушісі Гүлмира Мадиева конференцияның маңыздылығын атап өтті. Сонымен қатар Аханов оқуларының ең алғаш ұйымдастырылып, дүниеге келуіне мұрындық болған профессорлар – Ж.Д. Дәдебаев пен Э.Д. Сүлейменованың естеліктері мен конференцияның түрлі жылдарынан көрініс беретін суреттер презентациясы қатысушылар назарына ұсынылды.

Пленарлық мәжілісте көрнекті ғалым-филологтардың қазіргі тіл білімінің өзекті мәселелеріне, оның ішінде тіл мен масс-медиа,

тілдік саясатқа, тіл мен мәдениет байланысына, өзгеріс үстіндегі мемлекеттер жағдайында тіл және әдебиет пәндерін оқыту әдістемесіне арналған баяндамалары тыңдалды. Сондай-ақ конференция аясында «Қазіргі филологияның зерттеу әдістері» тақырыбында дөңелек үстел өтіп, тіл білімі саласының маңызды мәселелерін шешуге арналған ұсыныстар қабылданды.

А. ТАУСОҒАРОВА,
А. ҚҰРАЛОВА,
жалпы тіл білімі және
еуропа тілдері кафедрасы

На механико-математическом факультете проводятся курсы повышения квалификации в центре информационной безопасности «Лаборатория Касперского».

Слушателями курса «Индустриальные системы безопасности» стали преподаватели Атырауского и Павлодарского государственных университетов. Мероприятие проводится при поддержке проекта ЕС Темпус MEDIS.

Әл-Фараби кітапханасында көрнекті ғалым, ҚР ҰҒА академигі Болат Жұбановқа арналған VIII халықаралық «Жанғыштығы төмендетілген полимерлі материалдар» тақырыбында конференция өтті.

Ғылыми конференция полимерлердің термототықтырғыш деструкциясы мен пиролизі, полимерлі материалдардың жану теориясы, полимерлердің жануының жаңа ингибиторларын синтездеу және әсер ету механизмі, материалдар мен конструкциялардың экологиялық және өртке қарсы қауіпсіздігі, полимерлі материалдардың өрт қауіптілігін бағалау әдістері, табиғи және техногенді сипаттағы төтенше жағдайларды талдауға бағытталды. Конференция барысында жаңа композициялық материалдар өндірісі, құрылыс, ғимараттар мен конструкциялардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету сынды тақырыптарға баяндамалар жасалды.

Дариға КӨКЕЕВА,

Таяу Шығыс және Оңтүстік Азия кафедрасы
Үндітану бөлімінің меңгерушісі

ЖЕМІСТІ ҮНТЫМАҚТАСТЫҚ

Тәуелсіз Қазақстанмен байланыс көпірін орнатқан алғашқы мемлекеттердің бірі – Үндістанмен бүгінгі күні берік қарым-қатынас орнатылғаны белгілі. Өзара ынтымақтастық білім саласында да табысты жүзеге асуда. Жуырда ҚазҰУ-дың шығыстану факультетінде Үндістан Республикасының Ұлттық кадет корпусы өкілдерімен кездесу өтті.



Елбасы Н. Назарбаевтың Жолдауын арқау еткен «Сапалы білім беру – Қазақстан индустриясы және инновациялық дамуының негізі» деп аталған басқосу өзара тәжірибе алмасу алаңына айналды. Жиында екі ел дамуына қатысты өзекті мәселелер ортаға салынып, академиялық тәжірибе алмасудың артықшылықтары сөз болды.

Үнді кадет делегациясын бастап келген полковник Шринатх мырза жиын барысында сөз алып: «Қазақстан мен Үндістан арасындағы дипломатиялық байланыстардың және үндітану бөліміне 25 жыл толуымен шын жүректен құттықтаймын. Екі ел арасындағы өзара табысты ынтымақтастық алдағы

уақытта да қарқынды түрде дамитынына сенемін», – деп ыстық ықыласын білдірді.

Сондай-ақ шарада үндітанушы мамандар мен кадет делегациялары екі ел арасындағы ынтымақтастықтың келешегі зор екендігін тілге тиек ете отырып, келешекте жоғары білікті мамандар дайындау бағытында биотехнологиялар, нанотехнологиялар және ғарыш сынды алдыңғы қатарлы технологиялар саласында өзара тәжірибе алмасудың маңыздылығын атап өтті.

Жалғасы. Басы 1-бетте

РЕКТОРАТ

СЕНІМДІ КӨШБАСШЫЛЫҚ

Сондай-ақ мәжілісте қараша айында жұмысын бастаған «Жастар G-global үшін» I Республикалық байқауы қортындыланып, ҚазҰУ бес үздік университеттің қатарынан көрінді. Халықаралық қатынастар факультеті деканының ғылыми-инновациялық жұмыс және халықаралық ынтымақтастық жөніндегі орынбасары Думан Жекеновтің айтуынша, байқаудағы университет жарияланымдары, видеоларымен қатар, видеоконференция, жобалары жоғары бағаланған. Айтулы байқау факультеттердің ішкі белсенділігін арттыру үшін университет көлемінде де жүргізілген. Байқауда заң, халықаралық қатынастар, механика-математика, биология және биотехнология, физика-техникалық, философия және саясаттану, шығыстану, ЖОО-ға дейінгі білім беру факультеттері белсенділік танытқан. «Жақсы нәтиже көрсеткен, көп қаралған, көп талқыланған 10 үздік жарияланымға қосымша балл қосылатын болады», – деді ол.

Ректорат мүшелері бас қосқан «Генералдар кеңесі» республикалық қоғамдық бірлестігі мен ҚазҰУ ынтымақтастық туралы келісімге қол қойды. «Генералдар кеңесі» Президиумының төрағасы, әділет генерал-майоры Рүстем Қайдаров университетке деген ыстық лебізін білдіріп, мақтаныш сезімін де жасырмады. Генерал ҚазҰУ ректоры Ғ. Мұтановқа, бірінші проректор М. Бүркітбаевқа, әлеуметтік даму жөніндегі проректор Ш. Жаманбалаеваға, экономикалық және өндірістік мәселелер жөніндегі проректор Б. Қалжековке, өзі тәмамдаған заң факультетінің деканы Д. Байделдиновке бірлестік атынан медаль тағып, өзге де сый-сыяпаттар ұсынды. Сонымен қатар, кеңесте «Айналады нұрландыр» жобасы аясындағы дәстүрлі «Ең үздік студенттік топ – 2017» байқауының жеңімпаздары марапатталды.

Жазерке ҚАРАТАЕВА

ӘЛЕМ ТУҒАН ЖЕРДІ ТАЛУДАН БАСТАЛАДЫ

Қазақстан Президенті Н.Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласында қазақ қоғамының мәдени, рухани құндылықтары жайында көп дүние айтылды. Латын әліпбиіне көшуден бастап, «Туған жер», «Қазақстанның қасиетті рухани құндылықтары», «Қазақстанның киелі жерлерінің географиялық белдеуі», сондай-ақ «Қазақстандағы 100 жаңа есім» атты бағдарламалық жобалардың түп-төркінінде ұлттық рухты көтеру, ізгілікті арттыру, әр адамның кеудесіне іңкәрлік сезімді ұялату жатқаны анық. Ал бұл міндеттерді жүзеге асыру ақпарат құралдарына жүктелетіні белгілі.



© Досжан БАЛАБЕКҰЛЫ

Біздің БАҚ әлемдік көштің ұлттық тармағы ретінде мультимедиалық аланнан көрініп жүр. Тәуелсіздік алған жылдары дәстүрлі БАҚ-та көбінесе тарихи, мәдени, әдеби құндылықтарды жария етудің, ақпараттарды ашудың үрдісі қалыптасса, одан бері біздің медиа сұхбат жанрына, интерактивті бағдарламаларға көше бастады. Уақыт өте келе дәстүрлі медианың жаңа конвергентті алаңы енді. Оның ішінде газет сайттарының, порталдардың, электронды ресурстардың дамуы ақпаратты жылдам таратудың, сапалы жеткізудің, халыққа қолжетімді етудің жолы ретінде мультимедиа алаңынан орнын тапты. Қазір біз кез келген ақпаратқа әлеуметтік желідегі сілтемелер арқылы кіреміз. Сондықтан, дәстүрлі көрерменнен гөрі мультимедиалық көрермен деген ұғым қалыптасты. Бұл – нарықтың талабы. Мультимедиа – көптеген медиа құралдардың жиынтығы, олардың бір алаңға тоғысуы. Біздің медианарық тұтыну жағынан да, мультимедиалық технология тұрғысынан да дамушы елдердің қатарында жақсы позицияда тұр деуге болады. Осыдан шығатыны – қазақ тілді контенттің сапасы. Контентті толтыру, сапалы ету, әсіресе қазақ тілінде сөйлету мәселесі өзекті. Ақпараты қазақша сөйлеген елдің тілі де дамиды. Медианарықта да позициясы басым бола түседі. Қазір қазақ тілді аудиторияның үлес салмағы едәуір артты. Себебі, білім алып жатқан ақпараттық ресурстар, орта қазақ тіліне бет бұра бастады. Мәселен, медиаланда өзіндік орны бар «Қазақпарат» мультимедиаға алғаш қадам басқан агенттік. Қазақ тілінде ақпарат таратудың үш жазу тәсілін ұсынды. Алғаш инфографиканы да қолға алды.

Ақпараттық оқиғаны инфографикалық тәсілмен суреттеу – визуалды мәдениетті арттырады. Себебі, аудиторияның талғамы артқаны соншалық, құрғақ ақпараттан гөрі визуалды ақпаратты қабылдау тренді басым. Адам ақпаратты оқу арқылы есте ұзақ сақтайды. Бұл мультимедиалық форматқа көшудің белгісі. Осылайша, оқылуымен, тыңдалуымен, көрілуімен құндылығын арттырамыз. Қанша оқырман оқыса, демек құнды деген сөз. Елбасының мақаласында гуманитарлық технологияны дамытатын идеялар баса айтылады. Мысалы, «Жаңа гуманитарлық білім. Қазақ тіліндегі 100 жаңа оқулық» дейді. Бұл ұсынысты қолдауымыз керек. Бұл гуманитарлық ғылымға берілген сенім, басымдық, үміт. «Жаңа гуманитарлық білім. Қазақ тіліндегі 100 жаңа оқулық» жобасы бойынша жақын арада гуманитарлық барлық бағыттары бойынша әлемдегі ең жақсы 100 оқулықты әртүрлі тілдерден қазақ тіліне аударып, жастарға дүние жүзіндегі таңдаулы үлгілердің негізінде білім алуға мүмкіндік жасауға ерекше тоқталды. Бұл парасаттылықтың, ізгіліктің, іңкәрліктің тұтас гуманистік идеясының моделі болуы керек деп ойлаймын. Ғалым ретінде қасиетті орындардың мәдени-географиялық белдеуі туралы естігенде қатты қуандым. Осы уақытқа дейін Қазақ ұлттық университеті ғалымдары тарапынан тырбанып жүргізіп келе жатқан «Қазақ елі» экспедициясының да мақсаты Елбасының идеясымен сабақтасып тұр. Жұмысымызды өте серпінді түрде жалғастыруға дайынбыз. Биыл жазда экспедицияның ауқымын кеңейтуді қолға аламыз. Біз археолог-ғалымдармен бірге көне патшалар мекеніне атбасын бұрамыз. Астана

мен Алматы ғалымдары Берелде кездесіп, көптеген шараларды ұйымдастырамыз деп отырмыз. Археологтар мен студенттер ашық дала семинары және әр аймақта арналған мобильді мектеп аясында археолог-ғалымдарға көне жәдігерлерді сандық форматқа көшіру, мультимедиалық тұғырнамаға қалай ауыстыру жөнінде шеберлік сыныптарын өткіземіз. Біздің бұл бастамаға ЮНЕСКО және БҰҰ-ның Қазақстандағы департаменттері және Шығыс Қазақстан облысының әкімдігі қолдау білдіріп отыр. Биыл өтетін шара үлкен кешенді кадам. Сондықтан, біз қазақ халқының кіндік көне өркениетіміздің дамыған жерінен медиа керуенді бастаймыз. Археолог-ғалымдар мен журналистер қасиетті орындарды аралап, жазбасын түсіріп, соңында Берелде басты шараларды жүзеге асырамыз деп жоспарлап отырмыз. Медиакеруен «Ұлы Алтай жолымен» деп аталады. Медиакеруеннің құрамында 5 экспедиция бар. Медиакеруен траекториясы екі бағыттан бастау алады. Алматы – Шілікті – Күршім – Берел; Астана – Шыңғыстау – Берел. Берел тарихи мемлекеттік мұражайында өтеді. «Берел» экспедициясының жетекшісі Зейнолла Самашев, «Алтай» археология экспедициясының жетекшісі Ғани Омаров,

«Шілікті» археологиялық экспедициясының жетекшісі Әбдеш Төлеубаев, «Шыңғыстау» экспедициясының жетекшісі Ұлан Үміт-қалиев, «Қазақ елі» экспедициясының жетекшісі осы жолдардың авторы, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінен үш экспедиция, Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінен екі экспедиция жасакталуда. Бұл кешенді шара еліміздегі ғылым, мәдени тұрғыдан серпін жоба болғалы тұр. Бірнеше экспедиция бас қосып, қазба жұмыстарынан бөлек, ағарту шараларын да өткізеді. Біз бұл жоба арқылы Берел аймағын ЮНЕСКО-ның мәдени мұрағаттар тізіміне қосуды ұсынбақшымыз. Бүкіләлемдік деңгейде тұрақты туризм дамуына да осы шаралар арқылы ықпал еткіміз келеді. Көптеген ғалымдармен ақылдаса отырып, туризм картасын сызып, көне жәдігерлерге елдің жұрттың назарын аудармақпыз. БҰҰ бұған қолдау білдіріп, халықаралық тұрақты туризм жылы аясында өткізуді ұсынды.

Гүлмира СҰЛТАНБАЕВА,
саяси ғылымдар докторы, профессор,
баспасөз және электронды БАҚ
кафедрасының меңгерушісі

В своей статье «Взгляд в будущее: модернизация общественного сознания», опубликованной 12 апреля 2017 года Глава нашего государства Н.А. Назарбаев поделился своим видением тех шагов, которые необходимо сделать всем казахстанцам на пути к будущему, чтобы стать единой Нацией сильных и ответственных людей.

О ПЕРЕХОДЕ НА ЛАТИНСКИЙ АЛФАВИТ

«Казахстан-2050» Елбасы сказал: «Нам необходимо с 2025 года приступить к переводу нашего алфавита на латиницу. Это принципиальный вопрос, который нация должна решить. Когда-то в истории мы такой шаг уже совершали. Ради будущего наших детей мы должны принять такое решение, и это создаст условия для нашей интеграции в мир, лучшего изучения нашими детьми английского языка и языка Интернета, и самое главное – это даст толчок модернизации казахского языка». Особо было отмечено в Послании, что казахский язык должен стать консолидатором народа Казахстана.

В статье «Взгляд в будущее: модернизация общественного сознания» Президент дал анализ истории графики казахского языка. Как известно из истории, жизнь латинского письма в Казахстане была недолгой с 1929 по 1939 год. Затем был осуществлен перевод на кириллицу (кириллизация). Период латинизации стал лишь промежуточным этапом, явившимся следующим шагом

русификаторской политики большевистского режима. История изменения алфавита казахского языка определялась в основном конкретными политическими причинами.

Итак, к 2025 году делопроизводство, периодические издания, учебники и все остальное начнут издаваться на латинице. Конечно, на пути смены алфавита будут и трудности, но не стоит забывать, что, в отличие от Узбекистана, Азербайджана, перешедших на латиницу сразу после распада СССР, в Казахстане не форсировали, а только сейчас приступили к подготовке начала перехода на латинский алфавит.

Как отметил Президент, переход на латиницу также имеет свою глубокую историческую логику. Это особенности современной технологической среды, коммуникаций в современном мире и научно-образовательного процесса в XXI веке.

Глава государства поставил задачу до конца 2017 года с помощью ученых и широкой общественности принять единый

стандартный вариант казахского алфавита в новой графике. С 2018 года начать подготовку кадров для преподавания нового алфавита и подготовку учебников для средней школы. В ближайшие два года провести необходимую организационную и методическую работу. В период адаптации определенное время будет работать и кириллица.

Вопрос перехода на латинский язык не оставил равнодушным прогрессивную часть общества, споры о целесообразности данного шага идут не один год. Но, как известно, в споре рождается истина. В казахстанском обществе идет активное обсуждение актуального для будущего Казахстана вопроса.

От алфавита зависит будущее языка, и интересно, что, по мнению ученых, мощную поддержку реформированию казахского письма именно на латинице оказывает молодежь страны.

С.К.УДЕРБАЕВА,
к.и.н., доцент кафедры истории Казахстана

Әлемдік шара

«Еркін елде өскен ұрпақтың рухы әрдайым биік болуы тиіс. Жастары жалын жүректі, өршіл намысты, биік рухты болса – ол елдің еңсесі де биік болады. Өршіл, намысшыл жас отаншыл, патриот келеді, халқына, өз ұлтына адал қызмет етуге ұмтылады», – деп Елбасы айтқандай, еліміздің болашағы тікелей жастарға байланысты екені сөзсіз. Осындай жастардың қатарында механика-математика факультетінің студенттері де бар. Әрдайым қоғамдық жұмыстарға белсене араласып, елдің рухани құндылығын, жетістіктерін дәріптеу мақсатында түрлі іс-шара ұйымдастыруды дәстүрге айналдырған факультетіміздің «Автоматтандыру және басқару», «Математика» мамандықтарының белсенді студенттері бұл жолы №8 Студенттер үйінде «EXPO-2017 – Болашақтың энергиясы» атты ашық кураторлық сағат өткізді.

Ашық сабақ барысында студенттер EXPO көрмесінің шығу тарихы, көрмені өткізген елдер жайлы көптеген мағлұмат берді. Сонымен қатар Қазақстанның көрмеге қатысуы, дүниежүзілік көрмені өткізуге қалай қол жеткізгендігі туралы да кеңінен баяндады.

EXPO-2017 халықаралық мамандандырылған көрмесін Астанада өткізу – Қазақстанның негізгі жобаларының бірі. Еске сала кетсек, 2011 жылғы 10 маусымда Париждегі Халықаралық көрмелер бюросының Бас хатшысы Винсенте Гонсалес Лоссерталеске ресми түрде Қазақстан Республикасының өтінімі тапсырылды. Сол сәттен бастап біздің республикамыз EXPO-2017 көрмесін өткізу құқығы үшін сайлау қарсаңы науқанына ресми түрде кірісті. 2012 жылғы 12 маусымда Париждегі Халықаралық көрмелер бюросының Бас Ассамблеясының 151-отырысында Астананың ресми таныстырылымы болып өткен болатын. Астана ұсынған көрменің басты тақырыбы «Болашақтың энергиясы» деп аталады. Сол жылдың қараша айында ХКБ-ге мүше 161 ел өкілдерінің жасырын дауыс беруі нәтижесінде Астананың өтінімін 103 ел қолдап, еліміз жеңіске жетті.

Студенттер көрменің елімізге әкелер пайдасын да назардан тыс қалдырған жоқ. Олар EXPO-2017 көрмесі қарсаңында атқарылған ауқымды жұмыстарға тоқталды. Өздерінің ой-пікірлерімен бөлісе келе, ашық сабақты патриоттық әнмен қорытындылады.

Ел егемендігінің 25 жылында біз түрлі сындарға төтеп беріп, көптеген жетістіктерге жеттік. Соның айқын дәлелі – елімізде өтіп жатқан EXPO-2017 көрмесі екені сөзсіз. 3 айға созылатын көрмеге әлемнің түкпір-түкпірінен қонақтар келіп, еліміздің көркем табиғаты мен қол жеткізген жоғары жетістіктеріне куә болады. Еліміздің төл мәдениетін бүкіл әлемге паш етіп, ел абыройын асқақтатар сәт туды. Тек ғылыми жаңалықтар ғана көрсетіліп қоймай, ұлттық дәстүр мен құндылықтар дәріптелетін бұл іс-шараның Қазақстанның дамуына қосар үлесі зор.

Жанат ЖҮНИСОВА,
механика-математика факультеті

Жалғасы. Басы 1-бетте

«ЭКСПО-2017»: отансүйгіштік рух



Егемендікке қолымыз жете алмаған кездерде де осындай ұлттық рухты асқақтатын, мақтаныш сезімін тудырған ұлы жетістіктеріміз болған екен. Ал Тәуелсіздігімізге ширек ғасыр толған шақта еліміздің бас қаласында өтіп жатқан көрменің өскелең жастар үшін тәрбиелік мәні тым жоғары екені даусыз. «Астана ЭКСПО-2017» – ерекше тарихи маңызды оқиға. Бұрын-соңды Орта Азия мен ТМД кеңістігінде мұндай көлемді халықаралық көрме болған емес! Бұл – ТМД көшбасшысы болып отырған еліміз үшін асқақ абырой, үлкен жауапкершілік. Тәуелсіз Қазақстан өткізіп жатқан көрменің тақырыбы да аса ауқымды. Астанада туындаған ғаламдық деңгейдегі «жасыл экономика» мәселесіне арналған үздік идеялар, отандық ғалымдар мен оқымыстылардың озық ойлары, ілгері инженерлік ізденістері мен тың технологиялары төрткүл дүниеге таралмақ. Сонымен қатар әлем ғалымдары қол жеткізген халықаралық жаңа ғылыми жетістіктер, мысалы, күн батареясына

негізделген ұшақ, сурет салатын робот, «ақылды үй» жобасы көрсетілетіні айтылды.

Халықаралық көрме аясында үш мыңдай мәдени іс-шаралар, концерттер, қойылымдар, байқаулар, тақырыптық көрмелер, спорттық сайыстар, халықаралық кездесулер, форумдар, ғылыми конференциялар жүргізілетіні де баяндалды.

Ел мәртебесін биіктететін бұл дүбірлі дода жастар үшін де таптырмайтын мол мүмкіндік делінді шарада. Шетелдік қонақтарға халқымыздың, ұлтымыздың болмысын, тарихын, салт-дәстүрін, мәдениеті мен әдебиетін, өнерін жария ету үшін алқалы жиынның ортасында жастарымыз жүретіні анық. Жыл сайын шет тілін жетілдіру үшін мұхиттың арғы бетіне сапар шегіп жүрген жастар енді, жол шығын болмай-ақ, өз жерінде көрмеге келген меймандармен сұхбат құрып, игеріп жатқан шет тілін жетілдіре алады. Өскелең ұрпақтың шетелдіктермен әңгімелесуі барысында туған еліміздің биік имиджін қалыптастыруға да үлкен ықпал ететініне де сенімдіміз.

Сонымен қатар бұл көрме – жастардың өз жанашылығын танытуға, ойларын шындауға, біліктілігін іс-жүзінде көрсетуге де жасалған зор мүмкіндік. Мысалы, шараға белсене қатысқан факультетіміздегі «Алгоритм» студенттік бизнес-инкубаторының «Туынды-Media» ЖШС мүшелері көрме тақырыбынан қуат алып, жаңа жобаларға кіріскелі жатқандарын ортаға салды. Осылай Астана көрмесі талай екпінді жастардың үмітін үкілеп, жас өнертапқыштарға

жаңа серпін беріп отыр.

Халықаралық «Астана ЭКСПО-2017» көрмесі жастардың сеніміне канат бітіріп қана қоймай, олардың отансүйгіштік қасиеттерін де қалыптастыруға ықпал жасайды. Көрмеге әлемнің 115 елі қатысып, сол мемлекеттердің бәрінен дерлік туристер де көптеп келеді деп күтілуде. Бұл да ЭКСПО-ның еліміздің экономикалық дамуына қосар үлесі. Ал саяхат құрып келгендердің тек Астанаға ат басын тіреп қоймай, Қазақстанның көрікті жерлерін аралап, тарихи жәдігерлерін, әсем архитектурасын, табиғатымыздың тамаша көріністерін тамашалағысы келетіндері де анық. Шетелдік әуе жолдарының Алматы әуежайына әкелетінін ескерсек, қонақтарымыздың рекордтар ұстаханасы – Медеу мен Шымбұлақты айналып өтпесі шындық. Ендеше, Алматы жоғары оқу орындарының, оның ішінде ҚазҰУ студент-жастарының да еріктілер қатарында еліміздің әлеуетті мүмкіндіктерін шетелдік меймандарға жан-жақты таныстыра отырып, халықаралық көрменің жұмысына үлес қоса алатыны белгілі. Әрине, ол үшін жастарымыз мемлекетіміздің экономикалық жетістіктерін, туған халқының ұлттық дәстүрін, тарихын, мәдениеті мен өнерін жақсы білуі тиіс. Туристердің сан алуан сұрақтарына дұрыс, дәл, анық жауап беру үшін қажетті дайындықтан кейін тәрбиеленуші студенттеріміздің еліне деген мақтанышы күшейіп, территориясы дүние жүзінде тоғызыншы орын алатын, кен байлығы алдыңғы қатардағы Қазақстанның жоғары беделіне, ізгі дәстүріне, әлем аренасындағы өзіндік орнына, саясаттағы бейбітшіл ұстанымына, халықаралық абыройына деген сенімі, Отанына деген сүйіспеншілік сезімі арта түсетіні анық.

Жастар жазғы демалысты пайдаланып, Елордада өтіп жатқан халықаралық мамандандырылған «Астана ЭКСПО-2017» көрмесіне жаппай қатысуға үндеу тастады. Олардың басым көпшілігі осы шешімді қызу қолдады.

Елімізге келген қонақтар Қазақстанның ертенін осындай өскелең жастарымызға қарап бағамдайтыны шындық. Елін, туған жерін сүйетін, халқын құрметтейтін, мақтан тұтатын жастарымыз халықаралық көрме кезінде отансүйгіштік рухын биік ұстайды деп сенеміз.

Болат ӘБЕНОВ,
ақпараттық жүйелер кафедрасының аға
куратор-эдвайзері



Алма апай

(Көрнекті ғалым-ұстаз, филология ғылымдарының докторы, профессор Алма Қыраубаева ашқан мектеп жайлы бір үзік сыр)

арманның жетегінде жүрген ұстаздарға бұдан артық қуаныш бар ма?

«Сеніміне» (апайдың авторлық бағдарламасы осылай аталды – С.Д.) серік бола алсақ, сеннің де сетінейтінін сездік. Мектептің ішкі жүйесі мен жұмыс мазмұны әміршілдік қатынастарды қажет етпейтін қағидаға құрылды. Ұстаз бен шәкірт арасындағы байланыс адамгершілік негізді басшылыққа алды. Шәкірт көзқарасында біздің тұлғамыз білім беріп, тәртіпке салушы емес, рухани өсірушіге, үйретушіге айналуы қажеттігін бәріміз де сезіндік.

Адам баласын аялай білетін апай ұстаздарға аналық мейіріммен қарайтын. Тәжірибеміз жетпей тығырыққа тірелгенде өзі бас болып болған жайтты талқылап, ақылын айтып, тұңғыықтан алып шыққандай болатын.

Мектеп-лицейде алғашқы кездері бала саны аздау болғанымен кейін ата-аналардың сенімі күшейді ме, көрші ауылдардан, тіпті Алматы мен басқа облыстардан да оқуға тілек білдірушілер көбейді. Бірақ көп оқушы қабылдауға мектеп мүмкіндігі көтермейтін. Мектепте оқуға білім дейгей төмендеу, өз ортасында елеусіздеу болып жүрген оқушылар да тілек білдірді. Негізгі ұстанымымыз – баланың болашағы мен мүмкіндігіне сену, сондықтан кейбір гимназиялар мен лицейлердегідей білімі мен тәртібіне қарап қабылдайтын қатаң қағидалардың қажеті бола қоймады.

Адамгершілік қатынас пен мәдениетті ортаны қалыптастыру үшін алдымен шәкірттерді бұйығылықтан құтқарып, өзіне деген сенімін қалыптастыру керек болды. Ішкі еркіндігі жоқ баладан білімділікті талап ету әділетсіздік болар еді. Шәкірттің жеке тұлға болып қалыптасуы үшін өзіне деген сенімін күшейтіп, ішкі «Менін» ояту қажет. Бұл үшін не істеу керек?

Бұйығылықтан құтылуды, мұғалімдер, өзімізден бастадық.

Өз ұйғарымымызбен шәкірттерімізді «Қанат мырза», «Динара бекеш» деген сияқты сыйластық сөздермен атадық. Шәкірттер де ұстаздарына «Рақым мырза», «Алма бибі», «Ләйлә бике» деп ітіпат етіп жататын. Алғашқы кезде өзімізге де

тосындау болған осы қарым-қатынасымыз кейін ұстаз бен шәкірт арасындағы сыйластық пен құрметке дәнекер болды. Шәкірт жүрегінде бізге, ұстаздарға ғана емес, өз-өзіне деген сенім пайда болды. Шынында, осы қарапайым ғана нәрсе мектепте көбінесе фамилиясымен ғана аталып, азан шақырып қойған атын мұғалім тарапынан андасанда бір еститін шәкірт жүрегін жылылыққа бөледі деп айтуға болар еді.

Бұйығылықтан құтқаруды би мәдениетін үйренумен де байланыстырдық. «Би кеші» де мектебіміздің әдемі дәстүрінің біріне айналды. Классикалық музыкадан бастап қазіргі жастардың ырғағы – бәрі қамтылды. Келе-келе алғашқы кештерде фойедегі үстелдің астына тығылып қалып, көздері жылтырап күліп қарайтын бесінші жылдықтағы шәкірттеріміз де, биге шығуы қиямет-қайымға айналатын кейбір ұстаздар да ашылып, шама-шарқынша билей бастады. Әдетте, тек 10-11 сыныптарға ғана рұқсат етілетін би кештеріне қатаң бақылаушы ретінде ғана тұратын мұғалімдердің өздерімен бірге билеуі шәкірттерді шаттыққа бөледі. Мәселе қалай билегенімізде емес, би мәдениетін бірге түсінгенімізде болды. Би билеу баланың өзін сүйкімді көрсетудің тамаша мүмкіндігі екендігіне көзіміз жетті.

Шәкірттің жан сезіміне әсер етіп рухтандыру әлбетте 45 минут сабақтың еншісіне ғана кірмейді. Бала шығармашылығын дәріптеп отыру – сандық түсініктен сапалы түсінікке әкелетіні белгілі. Мектебіміздегі пікірталастар, баяндамалар, ғылыми жобалар қорғау шәкірттердің шығармашылық мүмкіндіктерін ашуға септігін тигізді. Оқушылардың салған суреттері мен өлеңдері, колөнер туындылары көп алдына күнделікті шығарылып отырады. Әр бөлменің қабырғасына ілінген өлеңдер, сөзжұмбақтар, суреттер, тіпті жақсы шығарылған есептерді де көруге болатын. Бір-бірінің шығарған туындыларымен танысып, мәре-сәре болып жататын балалар шығармашылығынан адамға ой салар мазмұндысы да, өзінен басқа өзгенің түсінуі қиын дүниелер де кездесетін. Ұнамай қалған туындыларын қайта алып тастап жататын жағдай да болды. Бұның өзі, әдетте қабырғада қатып тұратын

қағаздарға қарағанда әсерлі еді.

Шәкірттер «Әлемтану», «Елтану», «Ислам мәдениеті», «Еуропа мәдениеті» т.б. секілді жоғары оқу орындарында оқытылатын арнайы курстармен осы киелі шаңырақта-ақ танысты. Апай қыз балалардың болашақ ана екенін ескеріп, тек жақсы маман ғана емес, отбасының ұйытқысы болуға тәрбиелейтін. Осы себепті 9 жылдықтан бастап мектебімізде қыз балаларға арналып «Қыз әдебі» сабағы жүргізілді. Бұл пәндерді жоғары оқу орындарында білім беретін ұстаздар жүргізетін. Әрине, сабақ кестелерінің ыңғайына қарай оларды отыз шақырым Алматыдан қатынатудың апай үшін оңайға түспегенін айта кеткеніміз артық болмас.

Мектепте үзіліс уақытының тиімді өтуіне ерекше мән берілді. Апай айтқандай «алақандай жұмсақтығы жоқ» шар етіп, баланы серк еткізетін электр қоныраудың орнына үзілісте арнайы бағдарлама жасап, ұлттық ән-күйлер, классикалық музыка қоятын болды. Оқушылар үзілістің болғанын осы қойылған музыкадан білетін. Күніне 5-6 рет құлаққа сіңген әуен жүрекке де жетеді. Ол әннің, күйдің кімдікі, туу тарихы қалай – бұлардың бәрі фойеде арнайы орынға жазылып қойылатын.

Өзіне деген сенімді сезінген шәкірттер орынсыз ұялшақтықтан, бұйығылықтан арыла бастады. Ұжымымызда жылы, әдемі психологиялық атмосфера қалыптасты. Осы сыйластығымыз бен жылы ұямыздың тыныштығын қорғауға ұстаздар да, шәкірттер де мүдделі болдық. Кез келген ұжым үшін ең басты нәрсе ішкі ахуалдың дұрыс болуы десек, осы мақсатқа жеткендей едік. Үлкенге – құрмет, кішіге – ізет қалыптасты.

Алаш баласын өр рухты азамат студі армандаған аяулы апай бүгін арамызда жоқ. Тәуелсіздіктің алғашқы жылдары талайды тентірете жаздаған тәкаппар тапшылық апай ашқан мектепті де терең тұңғығына тартып әкетті. Тек, көңілге жұбаныш, Алма апай өзінің асыл қасиеттерімен талай шәкіртінің жүрегіне адамшылық педагогикасының дөнін егіп кетті...

Самал ДӘРІБАЙҰЛЫ,
қазақ әдебиеті және әдебиет теориясы кафедрасының доценті

1993 жылдың қыркүйегінде, жаңа оқу жылының қарсаңында, Үшқоңырдың бөктерінде орналасқан Ораз Жандосов атындағы ауылда жергілікті жұртты ғана емес, қазақ зиялы қауымын елең еткізген елеулі жаңалық болды. Елеулісі сол – көрнекті ғалым-ұстаз, филология ғылымдарының кандидаты (апай бұл жылдары докторантурада болған еді. – С.Д.), әл-Фараби атындағы Қазақ мемлекеттік университетінің доценті Алма Қыраубаева осы ауылдан алаш баласына арнап ұлт мәдениеті мен әдебиетін тереңдете оқытатын мектеп-лицей ашты. Р. Бердібаев, Т. Кәкішев бастаған бір топ көрнекті ғалымдар батасын беріп, тұсауын кескен бұл киелі шаңырақтың кейін «Алма апайдың мектебі» аталып кетуі де заңдылық еді.

Ұстаздық ұлы көштің керуеніне көркем ойларын көмкеріп көшкен ардақты Ана – аяулы Алма апайдың ұлт балаларына арнап жанаңа сипаттағы мектеп ашу қажеттілігі туралы пікірлерін университет қабырғасында жүрген кезімізде-ақ еститініз. Бірақ, шыны керек, ол мектептің ерекшелігі неде, онда білім алатын шәкірттер мен ұстаздар қандай болмақ дегенді қиялдап қана қойғанымызбен, жете түсінбегеніміз тағы аян. Тағдырдың сыйы болар, Алма апай мектеп ашып, кейбірімізді жұмысқа шақырғанда кезінде қиялдаған кейіпкеріміздің өзіміз боларына шексіз қуандық. Әрбір сабағын сағына күтетін ұстазымызбен бірге жұмыс істеудің, оның ой-арманын өзімен қатар жүзеге асырудың сәттілік қана емес, сенім екенін түсіндік.

Шілденің шілінгір ыстығында апайдың ауыл әкімшілігінен аттай қалап сұрап алған мәдениет үйін өз қолымызбен жөндеуден өткізіп, бөлмелердің көбін сыныптарға қайта лайықтап жасадық. Құрылысқа қажетті заттармен, мектеп мүліктерімен қамтамасыз ету ақшасына табыла қоймайтын алмағайып кездері оңай шаруа еместұғын. Апайдың талай мекемелер мен қалтасы қаржылы азаматтардың алдына баруына тура келді. Кей кездері қазақы рухы жоқтардан қажып қайтатын қайран апайымызға қол ұшын берер күш іздеп қиналатынбыз.

Тамыздың орта шенінде осы бір қиындықтардың біразы шешілгендей болды. Демеушілік танытқан азаматтардың көмегімен мектебімізді жаңа оқу жылына материалдық жағынан да, методикалық оқу құралдарымен де жабдықтап үлгердік. Аскақ



БІЛІМНІҢ БИІК ОРДАСЫ



© Досжан БАЛАБЕКҮЛИ

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ – ұлағатты ұстаздардың даналығы мен жастардың жалынды істерін, білім мен ғылымға деген ізденісі мен құштарлығын бойына сіңірген білім ордасы.

Университет мемлекеттің инновациялық даму саясатын іске асыру мақсатында әлемдік деңгейдегі зерттеу университетіне айналу жолында құрылымдық жанару мен жаңғыру үстінде. Әлемдік топ – университеттер қатарында белгілі дәрежеде алға жылжып,

халықаралық деңгейде өзінің бәсекеге қабілеттілігін дәлелдеген университеттің алдында жана міндеттер мен талаптар тұр.

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті университеттер арасындағы әлемдік рейтингте өз орнын табанды түрде

сақтап келеді. Соңғы жылдары университет өз рейтингісін айтарлықтай көтеруге қол жеткізді. Бұл оқу орнына ғаламдық деңгейдегі жоғары білімнің бәсекеге қабілетті ортасының толыққанды мүшесі болуға мүмкіндік берді. Университет басшысы, академик Ғ.Мұтановтың атап өткеніндей, менеджмент жүйесіне, оқу-тәрбие мен ғылыми-зерттеу үдерісіне енгізілген технологиялар әлемдік рейтингте алға жылжуға серпін беруде.

Ректор Ғалым Мұтанұлының басшылығымен ҚазҰУ халықаралық та-лаптарға сай келетін, ЖОО-ның әлемдік рейтингінде лайықты орын алатын және білім беру стандарттары және ғылыми-зерттеу бағдар-лама-лары, түрлі жобалармен тығыз байланысқан классикалық университетті – зерттеу университетіне айналдыру міндетіне кірісті. Университет құрамында әлемге әйгілі Батыс компанияларының оқу-ғылыми орталықтары құрылған. Қазіргі таңда барлық магистранттар мен докторанттар, сондай-ақ, бакалавриаттың белсенді студенттері шетелдік жетекші жоғары оқу орындарына барып, тәжірибе алмасады. Өз кезегінде әлемнің дамыған елдері университеттерінің студенттері ҚазҰУ-дан ғылыми-өндірістік тәжірибеден өтіп жүр.

Осы университеттің ең беделді құрамдас бөлігі – механика-математика факультетінің ең үздік ғылыми-зерттеу орталығы екені баршаға аян.

Факультетте Қазақстанға белгілі ғалымдар, ҚР ҰҒА академдіктері, профессорлар – Б.Т. Жұмағұлов, Қ.Ә. Қасымов, Н.Қ. Биіев, Ш.Ә. Ершін; ҚР Мемлекеттік сыйлығының иегері, Қазақстанға еңбек сіңірген қайраткер, физика-математика және техника ғылымдарының докторлары, профессорлар – У.С. Әбдібеков, А. Қалтаев, С.А. Бадаев, У.Ә. Төкеев, С.Е. Темірболат, Ж.М. Мырзалиев, С.Ә. Айсәғалиев, Ш.С. Сахаев, Ғ.Б. Шерязданов, М.Қ. Орынханов, Ә.Ы. Ысқақбаев, С.Я. Серовайский, М.Н. Қалимолдаев, В.С. Неронов, Ю. Нужнов, М. Менглибаев, педагогика ғылымдарының докторлары, профессорлар – К. Қабдықайырұлы, Ж.С. Сүлейменовтер дәріс оқиды.

Өткен жылы университет Орталық Азия мен Қазақстан университеттері арасында алғаш рет әлемнің 800 жоғары оқу орнының арасында 236-орынды алып, үздік 250 ЖОО қатарына енді. Соңғы үш жыл ішінде QS World University Ranking халықаралық рейтингінде 414 позицияға жоғары көтерілген ҚазҰУ биыл да жоғарыдан көрініп, 236-орын сенімді түрде сақтап қалды. Бүкіл әлем мойындаған ең табысты университеттер қатарында болу – ҚазҰУ-дың әлемдік бәсекеге қабілеттілігінің айқын дәлелі.

**Е. БЕЙБІТХАН,
Д. ДӘУЛЕТ**

АЛЬМА-МАТЕР: БУДУЩЕЕ НАЧИНАЕТСЯ СЕГОДНЯ

«Путешествие в тысячу миль начинается с одного шага»

Лао-Цзы (Ли Эр)

С начала академического года мне посчастливилось пройти стажировку в The Sainsbury Laboratory, в рамках программы «Ньютон – Аль-Фараби» проект Researcher Links Travel Grant от British Council в город Норвич. Это не первая моя крупная научная стажировка, пятью годами ранее я была удостоена международной стипендии Фулбрайта.

И, тем не менее, для меня это была уникальная возможность узнать больше о модельном объекте для изучения болезней пшеницы – коротконожке пурпурной (лат. *Brachypodium distachyon*). Этой темой мы занимаемся с профессором Н.Ж. Омирбековой в числе первых в нашей стране. Исследовательская группа Dr. Matthew Moscou, частью которой я стала на недолгих 4 месяца, занимается вопросами молекулярно-генетических основ неспецифической устойчивости злаков к патогенам и возможности использования полученных сведений в селекционных целях. А в самом John Innes Center, где и расположена The Sainsbury Laboratory, имеется огромная коллекция диких и культурных злаков – одна из крупнейших в мире. За время стажировки я научилась проводить скрещивание и трансформацию растений на различных этапах молекулярного клонирования генов, я также улучшила свои знания по подбору праймеров, рестрикционному и фенотипическому анализу, работе с бактериями. При содействии коллег были клонированы плазмидные конструкции гомолога гена Lr67, который у пшеницы ответственен за возрастную устойчивость к различным видам ржавчины, потенциально приносящим убытки в урожае до 70%. Планируется к выпуску статья в рейтинговом журнале. Помимо ценного опыта и ярких впечатлений, полученных за время стажировки, у меня также была возможность привезти книги и некоторый инструментарий для их применения в научных и образовательных

целях. К бесспорным плюсам, отмеченным мною за время стажировки, относятся: четкое разделение труда по группам; достойное финансирование и распределение средств на научно-исследовательские лаборатории; общедоступность копировальных и печатных машин, экспериментальных приборов, средств безопасности и лабораторного обеспечения; ежедневные выступления активнейших ученых со всего мира в виде семинаров, где они делились собственным драгоценным опытом; доска с объявлениями о предстоящих конкурсах и четкими условиями к ним; связь между докторантами и магистрантами, в ходе которой одни обучали и проводили занятия для других, что способствовало успеху каждой из сторон; совместные обеды и обязательные групповые и индивидуальные встречи с руководителями рабочих групп, во время которых можно было обсудить насущные вопросы по результатам текущей научной деятельности и узнать много полезного. Было одно мероприятие, которое я бы хотела внедрить здесь в Казахстане – Journal Club. Все участники до встречи клуба разбирают одну статью и досконально ее изучают, дополняя сведениями из других источников, а затем активно обсуждают. Сейчас в Великобритании уделяется огромное внимание популяризации науки среди населения, а главная аудитория – это школьники. В том городе, где я была, ежегодно проводится такое сверхпопулярное мероприятие, как Norwich Science Fair, в котором я тоже принимала участие, где



школьники изучают биологию и другие естественнонаучные дисциплины путем нестандартного и творческого восприятия. Мы знакомили малышей, самых юных любознателей, с вирусами через их визуализацию – выстраивали модели вирусов с помощью деталей, распечатанных на 3D-принтере; причем идея создания данного проекта пришла при моем участии в Co-lab OpenPlant – трансдисциплинарной работе ученых и представителей искусства, которая проходила в Норидже и Кембридже. А еще мы проводили полноценный эксперимент: показывали молодым натуралистам процесс инфильтрации агробактерий в растения. Такие мероприятия очень интересны, и они действительно помогают создавать почву для роста поколения образованных людей, часть которых в будущем может стать выдающимися учеными. У меня также была возможность посетить университеты, научные и культурные центры в других городах, и я встретила

с писателями-натуралистами в одном из национальных парков. В целом, я очень довольна своей поездкой и благодарна British Council за предоставленную мне возможность. И, конечно же, я хотела бы поблагодарить родной КазНУ за возможность участия в данной программе, а также за чудесные 17 лет, проведенные вместе, и пожелать любимому университету процветания, сплоченности коллектива, много новых творческих побед и дальнейшего развития в качестве сильного игрока на международном образовательном поле. Насколько хорошо это получится, зависит от каждого из нас: руководства, преподавателей и сотрудников, будущих и настоящих студентов и выпускников.

Айжан ЖУСУПОВА,
PhD-доктор, и.о. доцента кафедры молекулярной биологии и генетики

15 июня на базе КазНУ пройдет научно-практический семинар «Методологические и практические основы организации деятельности онлайн-порталов вузов и Центров обслуживания студентов»

Шұғыла Мейрамбекқызы:

«СҰҢҚАР» – СТУДЕНТТЕР ҚАМҚОРШЫСЫ

«Сұңқар» студенттер мен магистранттар кәсіподағына биыл – 18 жыл. Кәсіподақ ҚазҰУ жастарының игілігі мен университетіміздің көркеюіне өзіндік үлес қосып келеді. Жігерлі жастардың басын қосқан ұжымның бүгінгі тыныс-тіршілігі жайлы кәсіподақ төрайымы Бүрлібаева Шұғыла Мейрамбекқызымен сұхбаттасуды жөн көрдік.



Дөнгелек үстел, семинар-тренинг, кездесу түрлерінде ұйымдастырылуда. Осыған дейін туған университетінің мақтанышына айналған 5 түлекпен кездесу өткіздік. Алдағы уақытта барлық факультеттің беделді түлектерімен кездесу өткізу жоспарлануда.

Сондай-ақ «Саламатты дене мәдениеті» жобасының аясында «Сұңқар кубогі» үшін мини-футболдан жарыс және қыздар арасында волейболдан турнир өтті. Болашақта ҚазҰУ студенттерінің игілігі үшін өзге де жобаларды жүзеге асыру жоспарда бар.

– «Bookland» жобасының студенттік кәсіподақтың бастамасымен ұйымдастырылғаны белгілі. Осы жоба жайлы айтып өтсеңіз?

– Бұл жобаны біз «Bookland» деп атадық. Яғни, кітап алмасу дәстүрі. «Bookcrossing» қазір әлемнің барлық елінде жүзеге асырылып жатыр. Бізде қалыс қалмауға тырыстық. Жоба елбасымыз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың «Қазақстанның үшінші жаңғыруы – жаһандық бәсекеге қабілеттілік» атты Жолдауының төртінші басымдығында көрсетілген «адам капиталын жақсарту» стандартын бастамаға ала отырып, ректорымыз Ғалым Мұтанұлының «ҚазҰУ студенті оқуға тиісті 100 кітап» жобасы аясында университет студенттері үшін ҚазҰУ Enactus командасымен бірлесіп ұйымдастырылды. Бұл шараның алғашқы кезеңі ақпан айында, екінші кезеңі сәуір айында өтті. Жобаны жүзеге асыруға «Қазақстан Республикасының ұлттық кітапханасы» қолдау көрсетті. Еліміздің бас кітапханасынан 100 кітап студенттерге тегін таратылды және олар өзара кітап алмасып оқуды дәстүрге айналдыра алды деуге болады. Сонымен қатар студенттерге арнап көшбасшылық, әлем әдебиеті, бизнес саласы, психология бойынша семинар-тренингтер өткізіліп, олар қажетті мәліметтерді алды.

– «Сұңқардың» алдағы жоспарларымен бөлісе отырсаңыз?

– Болашақ жоспарларымызға тоқталсақ, жалпы біз «Сұңқар шәкіртақысын» жыл сайын дәстүрлі түрде өткізуді жоспарлап отырмыз. Бұл жоба барлық факультеттің студенттеріне арналған. Сонымен қатар, «Айналанды нұрналдыр», «Саламатты дене мәдениеті», «Al-Farabi – smart city», «Green campus» және «ҚазҰУ студенті оқуға тиісті 100 кітап» жобаларын насихаттау мақсатында университетіміздің студенттік өзін-өзі басқару ұйымдарының

арасында байқау жарияламақпыз. 14 сәуір күні «Сұңқар» студенттер мен магистранттар кәсіподағы қоғамдық бірлестігіне 18 жыл толды. Осы орайда, 2017 жылы жана жобаларды «18 жылдыққа – 18 жоба» атты науқанмен жүзеге асыруды жоспарлап отырмыз.

Биылғы игі бастамалардың бірі – «Наурыз party» мерекелік акциясы. 3-4 жыл көлемінде бұл акция тек механика-математика факультетінде өз бастауын алған болатын. Биыл бұл акция ҚазҰУ-дың барлық факультетінде өткізілді. Мақсаты – студенттерге ұлттық құндылықтарымызды насихаттау, Наурыз мерекесінің мәнін сезіндіру. Шарада ізденушілерге тегін наурыз көже таратылып, түрлі тәтті-дәмділер үлестірілді. «Сұңқар» студенттер мен магистранттар кәсіподағы факультетішілік барлық іс-шараларға қолдау көрсетеді. ҚазҰУ-дың атынан республикалық, халықаралық деңгейдегі жарыстарға қатысып жатқан студенттерге де қолдау көрсетіп келеміз.

– «Сұңқар шәкіртақысы» жайында толығырақ мәлімет берсеңіз?

– «Сұңқар» шәкіртақысы 2014 жылы алғаш рет бакалавр студенттеріне тағайындалды. Біз жобаны жандандырып, дәстүрлі түрде өткізуді жоспарлап отырмыз. Бұл шәкіртақы әлеуметтік әлжуаз топтағы және ғылыммен айналысатын, университеттің қоғамдық өміріне белсене араласып жүрген студенттерге бағытталған.

– «Сұңқардың» биылғы жылы атқарған шаралары жайлы айтсаңыз...

– 2012 жылы Сұңқар студенттер мен магистранттар кәсіподағы халықаралық жастар форумын ұйымдастырған болатын. Бұл кәсіподақтың халықаралық аренада жүзеге асырған жұмысы.

2016 жыл «Сұңқар» үшін табысты болды. Себебі, өткен жылы «Сұңқар» студенттер мен магистранттар кәсіподағы Алматы қаласы жастар саясаты жөніндегі басқарманың қолдауымен, барлық Алматы қаласының жастарына арналған «Болашағыңды басқар» атты жас көшбасшыларға арналған жазғы лагерь ұйымдастырған болатын. Бұл жазғы лагерьге 200-ге жуық Алматы қаласының көшбасшы студенттері, Алматы қаласындағы үкіметтік емес жастар ұйымдарының жетекшілері қатысты.

Аталған лагерьден бөлек, қазан-қараша айларында «Сұңқар» студенттер мен магистранттар кәсіподағы Алматы жастарымен бірігіп, «Almaty youth Awards» жобасын өткізуді қолға алды. Жоба барысында барлық 20-дан астам университеттер спорттық, мәдени шараларды университет, қала деңгейінде өткізді.

Сонымен қатар ел Тәуелсіздігінің 25 жылдығына орай, кәсіподақ Алматы қаласы

жастар саясаты мәселелері жөніндегі басқармасының қолдауымен Алматы қаласы университеттері арасында «Тәуелсіздік жастары» атты мини-футболдан қалалық турнир ұйымдастырды. Оған 32 команда қатысып, жеңімпаз командалар арнайы жүлделермен марапатталды. «Сұңқардың» шаралары қала жастары тарапынан жоғары баға алып, өз алғыстарын білдіріп жатқандығы рас.

– Өзіңіз сияқты жастардың басын біріктіру, бірге жұмыс істеудің қиыншылықтары неде?

– Әр жұмыстың жақсы жақтары мен кемшіл тұстары болады. Барлық жерде үздік болу мүмкін емес. Университет студенттері біздің жауапкершілігімізді жете түсінеді деп ойлаймын. Біз жалындап тұрған жастардың жігерін өшіріп алмауға тырысамыз. Оларды әрі қарай қанаттандыруды мақсат етеміз. Жетістікке жетудің бірі жолы – іздену, кітап оқу. ҚазҰУ-дағы көшбасшы болып жүрген ұстаздардан тәлім-тәрбие алу. ҚазҰУ жастары үшін студенттік өзін-өзі басқару ұйымдары үлкен өмір мектебі деп ойлаймын. Университетіміз қаншама жалынды жастарды, дара тұлғаларды шындап, түлетіп ұшырды. Олардың барлығы өз салаларының көшбасшы мамандары атанды. Сондықтан біз де алға ұмтыламыз, туған жеріміздің көркеюіне атсалысамыз демекпін.

– Өзін-өзі дамыту үшін жастарға қандай кеңес берер едіңіз?

– «Адам өмірінде бір ғана адамды түзете алады, Ал – өзі» деген даналар сөзі бар. Яғни, сіз ешкімді толықтай өзгерте алмайсыз. Ерік жігеріңіз бен талпынысыңыз болса, өзіңізді өзгерте аласыз. Сондықтан, адам өзін-өзі дамыту үшін кітап оқу қажет. Өзімді дамыту үшін мен көбінесе кітап оқуға тырысамын. Түрлі көшбасшылар өмірінен, ұлттық рухты көтеретін тарихи кітаптарды оқуға кеңес беремін. Өзім қызыға оқимын. Кітап үлкен армандарға жол ашады, қиылға қанат бітіреді. Армандайсың, сосын мақсат күрасын. Мақсат арқылы қоғамға көмегінді тигізесің. Қоғамға пайда тигізген адам – ертен еліміздің дамуына, жеріміздің гүлденуіне өз үлесін қосатынына кәміл сенемін.

– Бір сөзбен, «Сұңқар» сіз үшін...

– «Сұңқар» – студенттер игілігі үшін жұмыс істейтін, қоғамға жақсылық жасауға талпынатын жас көшбасшылардың мекені. Бір-біріне қамқор, бауырмал, жігерлі, патриот, үздік ойлай білетін жастарды тәрбиелейтін орта.

– Сұхбатыңызға үлкен рахмет!

Сұхбаттасқан Айзат ЖОЛДАСОВА, журналистика факультетінің 2-курс студенті



ҚазҰУ студенті Мадина Өтеулина ҚР ХХІ Чемпионатының бірінші турында әйелдер арасындағы жағажай волейболынан жеңімпаз атанды

В КазНУ был проведен третий выпуск студентов по совместной программе обучения «MPLUS COMPASS» с компанией KONICA MINOLTA.

Сотрудничество с компанией KONICA MINOLTA



(Модульная система постоянного обучения Konica Minolta) холдинга Konica Minolta Holding в Лангенхаген, Германия в Головном офисе Konica Minolta было предложено создать совместную образовательную программу PhD in Communication Studies.

Необходимо отметить, что стратегические задачи Плана нации «100 шагов», инициированного Главой государства Н.А. Назарбаевым, предусматривает индустриализацию и экономический рост, а также развитие государственного управленческого сектора на основе высоких новых технологий. КазНУ имени аль-Фараби уделяет особое внимание внедрению новых технологии в учебный процесс.

Во время обучения студентов решается ряд важных задач – наряду с преподаванием, проводится внедрение высоких технологий, объединение с производственной практикой, кооперация науки и бизнеса, привлечение в учебный процесс работодателей. Согласно предварительным договоренностям с представителями Регионального бизнес-офиса транснациональной корпорации «KONICA MINOLTA» (Япония) по г. Алматы изучена возможность заключения с ними Договора коммерческой концессии (франчайзинга) в целях поддержки идеи создания студенческого start-up в кампусе КазНУ им. аль-Фараби.

Также в рамках сотрудничества была

организована учебно-исследовательская лаборатория передовых технологий Konica Minolta «KMLab», где студенты издают газету «Журналист». Учебно-исследовательская лаборатория передовых технологий Konica Minolta «KMLab» самостоятельно определяет основные направления научной деятельности в соответствии со Стратегией «Кзахстан-2050», со стратегией развития КазНУ им. аль-Фараби на 2015-2020 гг.

Данное сотрудничество предоставляет возможность иметь доступ к инновационным материалам обучения в рамках данной программы; услугам печати, копирования и сканирования как в монохромном, так и полноцветном режиме; возможность отправлять отсканированные документы прямо на свою электронную почту.

Отличительная черта бренда Коники Минолта – это интеллектуальное творчество, стремление к инновациям, установление доверия и дружеского сотрудничества. Главный лозунг компании: «Всегда понять клиентов, предусмотреть их пожелания и удовлетворить их требования, также стремление решить их бизнес-задачи».

Функционирование совместной программы КазНУ имени аль-Фараби и компании Konica Minolta позволит упрочить международные связи, на практике презентовать инновационные проекты в рамках «ЭКСПО-2017».

Н.П. САПАРХОДЖАЕВА,
зам.заведующей кафедры печати и электронных СМИ

БҮКІЛҚАЗАҚСТАНДЫҚ АҒАШ ОТЫРҒЫЗУ КҮНІ

Жуырда Іле-Алатауы мемлекеттік ұлттық табиғи паркіне қарасты Мохнатка тауында «Парктер шеруі-2017» халықаралық экологиялық акциясы аясында Бүкілқазақстандық ағаш отырғызу күні өтті. Шараға ҚазҰУ-дың география және табиғатты пайдалану факультетінің тұрақты даму бойынша ЮНЕСКО кафедрасының оқытушылары мен студенттері қатысты.

өткізіліп жатқан шараның маңыздылығын атап өтіп, 2011 жылы болған дауыл кезінде құлаған ағаштардың орнын толтырып, қалпына келтіруден Алматы қаласының ауасы тазара түсетінін, ылғалдылығы түзелетінін, табиғаты көркейтетінін айтты. Сонымен қатар студенттерді ағаш отырғызу ісіне баулудың тәрбиелік мәні бар екендігін, жастардың рухани дамуына, табиғатты аялай білуге ықпал ететінін атап өтті.

Іле-Алатауы мемлекеттік ұлттық табиғи паркінің мамандары акцияға қатысушыларды жас шырша көшеттері отырғызылатын алдын ала белгіленген жерлерге апарып, ағашты дұрыс отырғызудың әдістерімен таныстырды. Қыз жұмыс барысында ұлдар күрекпен жер қазып, шұңқыр дайындаса, қыздар артыныша көшеттерді салып, топырақпен жауып, ілесіп отырды. Акция барысында 3000 дана 4 жылдық «Шренк» шыршасы, оның ішінде 30 дана бір метрлік ірі көшеттер 2 гектар аумаққа отырғызылды.

Шара соңында ұлттық парк басшылығы қатысушыларға алғыс білдіріп, арнайы сый-сыяпат ұсынды.

Н.С. БЕРГЕНЕВА,
тұрақты даму бойынша
ЮНЕСКО кафедрасының профессоры м.а.

ОҚЫРМАН ПІКІРІ

ТӘРБИЕНІҢ ҚАЙНАР КӨЗІ

Бүгінгі таңда БАҚ-тың өмірде алар орны ерекше. Осы ретте еліміздің жетекші оқу орны ҚазҰУ-дың тыныс-тіршілігінен сыр шертер төл басылымымыз – «Қазақ университетіне» тоқталмақпын.

«Қазақ университеті» газеті – ұжымның айнасы, әрбір ғалым, оқытушы, студенттің трибунасы. Газетте жазылған ой-пікір, ұсыныс тасқа басылғандай сақталады десек, газет бетінде студенттер, магистранттар мен докторанттар, оқытушы-профессорлар өз пікірлері, жетістіктері, қуаныштары және жоспарларымен бөліседі. Бұл – бүгінде жарты ғасырдан астам тарихы бар баспасөз құралында қалыптасқан жақсы дәстүр. Сонымен қатар газет – университетіміздің тарихы. Оны зерттеушілерге таптырмас құнды материал.

Газет қашанда ішкі өміріміздің бейнесі. Әсіресе, маған ерекше әсер ететіні – студенттер мақалалары. Олар өз табыстарымен бөлісіп қана қоймайды, шығармашылық мүмкіндігін де шыңдайды. Ғылымға, өнерге жол ашлады. Газетте студенттердің өлеңдері, қысқа қызықты әңгімелері, университет, факультет деңгейінде өткізіліп алуқымды іс-шаралар тұрақты жарық көреді.

Газет тәрбиенің ең тиімді жолы екендігін айтқым келеді. Университет газеті Президентіміздің Жолдауларын ынта-жігермен қолдай отырып, жастарға оқытушылардың мақалалары арқылы кенінен насихаттайды. Соңғы жылдары газетіміздің беделі артып келе



жатқаны шындық. Үш тілде жарық көретін газет редакциясының ұжыммен байланысы жоғары деңгейде.

Редакция журналистерін келе жатқан кәсіби мерекелерімен шын жүректен құттықтай отырып, шығармашылық табыс тілеймін!

Е. Ә. АҚҚАЗИН,
химиялық физика және материалтану кафедрасының аға оқытушысы, х.ғ.к.



Мохнатка тауы

Ігілікті іске атсалысушылардың қатарында «Нұр Отан» партиясы қоғамдық бірлестігінің және танымал қоғамдық қайраткер М. Елеусізовтің жетекшілігімен келген «Табиғат» экологиялық одағының өкілдері, Қазақ ұлттық аграрлық университетінің оқытушылары мен «Орман шаруашылығы» мамандығының студенттері болды. Акцияға қатысушылар танертең Медеу-Шымбұлақ аспалы жолының тұрағында жиналып, салтанатты ашылу рәсіміне кәу болды. Қатысушылар тарапынан сөз сөйлегендер

ҚҰРЫЛТАЙШЫ:

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің ректораты

РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ:

Бас редактор: **Әйгерім ӘЛІМБЕКОВА**
Тілшілер: **Әйгерім КАМАЛДИНОВА, Жазгерке ҚАРАТАЕВА**
Дизайнер – **Досжан БАЛАБЕКҰЛЫ**
Фототілші – **Марат ЖҮНІСБЕКОВ**
Корректорлар: **Гүлмира БЕКБЕРДИЕВА, Қарлыға ИБРАГИМОВА**

МЕКЕНЖАЙЫ:

050040, Алматы қ., әл-Фараби даңғылы, 71, ректорат, 11-қабат, №104 бөлме.
Байланыс телефоны: 377-33-30, ішкі: 11-94, тікелей: 377-31-48.

Электронды мекенжай: **kazuniver2016gazeta@gmail.com**

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттелді. «Дәуір» ЖШС РПБК-де басылды. Алматы қаласы, Қалдаяқов көшесі, 17
Тел: 8 (727) 273 - 12 - 04

Бағасы келісім бойынша.
Таралымы **1000 дана**
Тапсырыс: **№3019**

- Жарияланған мақаладағы автор пікірі редакцияның көзқарасын білдірмейді.
- Редакцияға түскен қолжазба қайтарылмайды, үш компьютерлік беттен асатын материалдар қабылданбайды.
- «Қазақ университетіне» жарияланған мақала көшіріліп басылса, сілтеме жасалуы міндетті.
- Жарнама мәтініне жарнама беруші жауапты.